

KASE АПТАЛЫҒЫ

19 – 23 маусым
2023

KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- "SFAI Kazakhstan" ЖШС KASE танылатын аудиторлық ұйымдар тізбесінің екінші деңгейінен бірінші деңгейіне [ауыстырылды](#).
- "BDO Qazaqstan" ЖШС екінші деңгей бойынша KASE деп танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне [енгізілді](#).
- KASE ресми тізіміне Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің KZMJ00001527 (VKK009_152) және KZMJ00001535 (VKK024_153) [облигациялары](#) және "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00009863](#) (MFRFb7) облигациялары енгізілді.
- Айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2P00008584](#) (MFOKb4), "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00007516](#) (KFUSb18) және [KZ2C00007995](#) (KFUSb36) облигациялары алынып тасталды.
- KASE KASE_BM* сериясы индикаторларының өкілеттік тізімінен "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00007516](#) (KFUSb18) және [KZ2C00007995](#) (KFUSb36) облигацияларын [алып тастады](#).
- KASE-де "ЛОГИКОМ" АҚ [KZ2C00008886](#) (LOGCb4) облигацияларымен сауда-саттық қайта басталды.

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 424,7 млн MEKKAM-12 155-ші шығарылымын ([KZK100000308](#), MKM012_0155), 69,5 млн MEYKAM-84 18-ші шығарылымын ([KZKD00001137](#), MUM084_0018), 84,4 млн MEYKAM-96 13-ші шығарылымын ([KZKD00001202](#), MUM096_0013), 97,0 млн MEYKAM-108 14-ші шығарылымын ([KZKD00001236](#), MUM108_0014), 46,3 млн MEYKAM-120 16-шы шығарылымын ([KZKD00000865](#), MUM120_0016), 41,6 млн MEYKAM-120 19-шы шығарылымын ([KZKD00001129](#), MUM120_0019) және 12,8 млн MEYKAM-180 16-шы шығарылымын ([KZKD00001194](#), MUM180_0016) орналастырды.
- ICD Eagle Limited KASE-де жазылым жүргізу арқылы жылдық 14,95 % мерзімді төлем мөлшерлемесімен XS2624614751 (ICD_e1) сенім сертификаттарын орналастыра отырып, 2,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Онлайн Қазқаржы МҚҰ" АҚ KASE-де жазылым жүргізу арқылы KZ2C00009769 (MFOKb11) әлеуметтік облигацияларын өтеуге кірістілігі жылдық 21,50 %-бен орналастыра отырып, 2,5 млрд теңге [тартты](#).
- "КМФ (ҚМФ) "Микроқаржы ұйымы" ЖШС KASE-де KZ2P00009772 (MFKMb3) облигацияларын жылдық 20,00 % орналастыра отырып, 10,0 млрд теңге [тартты](#).
- Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі KASE-де [KZMJ00001527](#) (VKK009_152) және [KZMJ00001535](#) (VKK024_153) облигацияларын орналастыру арқылы 8,3 млрд теңге тартты.
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00008738 (KFUSb43) облигацияларын орналастыру арқылы 5,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00009462 (KFUSb54) облигацияларын орналастыру арқылы 3,2 млрд теңге [тартты](#).
- "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС KASE-де KZ2P00009863 (MFRFb7) облигацияларын орналастыру арқылы 1,1 млрд теңге [тартты](#).
- "Банк ЦентрКредит" АҚ Moody's Investors Service агенттігі банктің рейтингтерін көтергені туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- Freedom Holding Corp. Arbutz.kz. онлайн супермаркетін [сатып алды](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2021-2025 жылдарға арналған магистральдық құбырлар жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің тарифі мен тарифтік сметасын бекіту туралы [хабарлады](#).
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ "Каратон Подсолевой" жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді барлауға және өндіруге келісімшарт жасасқаны туралы [хабарлады](#).




23.06.2023

Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Трендтер (%)	
		Δ 7к	Δ 1а
KASE Индексі	3 545,88	0,2	-1,0
PayPal Holdings Inc.	68,20	4,1	8,6
Tesla, Inc.	253,00	3,7	38,1
АО "ҚазТрансОйл"	773,00	2,4	5,2
АО "Народный банк Казахстана"	156,90	1,2	-3,9
АО "Кселл"	1 910,00	1,1	1,5
АО "ForteBank"	3,82	1,1	-4,5
АО "Банк ЦентрКредит"	564,44	0,4	0,0
АО "НАК "Казатомпром""	12 914,00	0,0	-0,9
АО "НК "КазМунайГаз"	9 970,00	-0,1	-3,1
АО Kaspi.kz	37 217,00	-0,4	0,6
Apple Inc.	185,50	-0,5	6,3
АО "Казактелеком"	30 689,98	-0,5	-3,0
АО "КЕГОС"	1 564,00	-0,6	-0,7
АО "БАСТ"	7 524,00	-1,0	-2,3
"Банк ЦентрКредит"	672,08	-1,0	-0,7
Ford Motor Company	13,77	-1,6	-0,7
Freedom Holding Corp.	78,51	-2,5	-1,4
Pfizer Inc.	38,90	-2,6	0,5
АО "KM GOLD"	138,95	-2,8	-6,1
AT&T Inc.	15,66	-4,1	-4,5
Bank of America Corporation	28,20	-4,4	-
Intel Corporation	32,80	-9,3	8,0
Advanced Micro Devices, Inc.	110,76	-11,4	2,6


Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары

Сауда-саттық көлемі, млн теңге (←) KASE Индексі (→)



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE Индексі 0,2 %-ға 3546 тармаққа дейін өсті. Индекс акцияларының ішінде апта қорытындысы бойынша ең үлкен өсімді 2,4 % өсіммен "ҚазТрансОйл" дивидендік гөп жабатын акциялары және 1,2 % өсіммен Халық банкі көрсетті, "Кселл" акцияларының баға белгілеулері 1,1 %-ға өсті.

"ҚазТрансОйл" Қазақстанның ішкі нарығына магистральдық құбырлар жүйесі бойынша мұнайды айдау тарифінің 1000 км-ге 1 тонна үшін 4 849,39 теңгеге дейін (ҚҚС-сыз) 11 %-дан астам ұлғаюы туралы хабарлады. Көрсетілген тариф 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

"Банк ЦентрКредит" Moody's Investors Service агенттігінің банктің ұзақ мерзімді рейтингін "B1"-ден "Ba3"-ке дейін көтеруі және рейтинг бойынша позитивті болжамды сақтауы туралы хабарлады. Агенттік рейтингтің жоғарылауы жақында банктің активтерінің сапасының, кірістілігі мен төлем қабілеттілігінің жақсарғанын көрсетеді деп санайды. Агенттік банк активтердің сапасы мен төлем қабілеттілігі бойынша оң динамиканы сақтай алады деп күтеді, ал кірістілік пен өтімділік жақсы болып қалады.

Акциялары KASE ресми тізімінде тұрған қазақстандық компаниялар 2022 жылға арналған өздерінің аудиторлық есептерін жариялауды жалғастыруда. Өткен жылғы аудиттелген қаржылық есептерді "AltynEx Company", "ШалқияЦинк" және "Алма Телекоммунікейшис Қазақстан" жариялады.

Өткен аптада қарыз нарығында микроқаржы ұйымдары белсенді болды. "КМФ" микроқаржы ұйымы KASE-де бір жылдық облигацияларды жылдық 20 %-бен орналастыра отырып, 10 млрд теңге тартты.

"Онлайн Қазқаржы" микроқаржы ұйымы KASE-де жазылым жүргізу арқылы өтеуге кірістілігі жылдық 21,5 %-бен екі жылдық әлеуметтік облигацияларды орналастыра отырып, 2,5 млрд теңге тартты.

"R-Finance" микроқаржы ұйымы KASE-де екі жылдық облигацияларды жылдық 25 %-бен орналастыра отырып, 1,1 млрд теңге тартты.

ICD Eagle Limited KASE-де жазылым арқылы 2 млрд теңге тартып, жылдық 14,95 % мерзімді төлем мөлшерлемесімен бес жылдық сенім сертификаттарын орналастырды. Бұл сертификаттар жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының көпiлдігімен шығарылған.

"Қазақстандық орнықтылық қоры" жалпы сомасы 8 млрд теңгеден астам облигациялардың екі шығарылымын, оның ішінде: айналыс мерзімі 1 жыл жылдық 15,4 %-бен 5 млрд теңге және айналыс мерзімі 3 жыл жылдық 18,2 %-бен 3,2 млрд теңгеге орналастырды.

Өз облигациялары бойынша купондық сыйақыны: "Самұрық-Қазына" Қоры, "Бәйтерек" холдингі, "Қазақстанның Даму Банкі", "Bank RBK", "Қазақстандық орнықтылық қоры", "Аграрлық несие корпорация", "Орталық Азия электр энергетикалық корпорациясы" және басқа да эмитенттер төледі.

Облигациялары KASE ресми тізімінде тұрған төрт акционерлік қоғам өткен жылғы аудиторлық есептердің жарияланғаны туралы хабарлады. Бұл "Маңғыстау өңірлік электржелілік компаниясы", "Транстелеком", "RETAM" акционерлік инвестициялық жылжымайтын мүлік қоры" және "Көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны". "Маңғыстау өңірлік электржелілік компаниясы" АҚ-ның таза пайдасы бір жылда 66,6 %-ға өсіп, 2 млрд теңгеден асты.

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында өткен аптада Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-ге жалпы сомасы 369,4 млрд теңгені құрайтын, өтелгенге дейінгі мерзімі 10 айдан 13,5 жылға дейінгі және өтелуге кірістілігі жылдық 11,6-14,64 % құрайтын жеті қазынашылық міндеттемелердің шығарылымын орналастырды.

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі KASE-де 8,3 млрд теңге тартты, оның ішінде: өтелгенге дейінгі мерзімі 9 айға 2,8 млрд теңге және өтелгенге дейінгі мерзімі 2 жылға 5,5 млрд теңге. Аталған облигациялар мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру мақсатында шығарылды.

Халықаралық жаңалықтары. Өткен аптада АҚШ қор нарығы ФРЖ басшысы Джером Пауэллдің Орталық банк инфляциямен күрес басым болып қалатындықтан, пайыздық мөлшерлемені көтеру циклын жалғастыруға дайын екендігі туралы мәлімдемесінен кейін бір айлық өсу қарқынын үзді. Пауэлл федералды ашық нарықтағы операциялар комитетінің барлық дерлік мүшелері ФРЖ биылғы жылы ставкадан одан әрі көтеруі керек деп күтетінін айтты.

Ұлыбританиядағы инфляция бойынша деректер еуропалық қор нарықтарына қосымша теріс әсер етті, олар күткеннен де нашар шықты және Англия Банкінің мөлшерлемесін бірден 50 базистік тармаққа жылдық 5 %-ға дейін көтеруге ықпал етті. Швейцария орталық банкі пайыздық мөлшерлемені 25 базистік тармаққа 1,5 %-дан 1,75 %-ға дейін көтерді, Түркия Орталық банкінің басшысы 2 жылда алғаш рет мөлшерлемені бірден 8,5 %-дан 15 %-ға дейін көтерді.


Еуропалық орталық банктердің мөлшерлемелерін көтеру аясында Қытай Халық банкі, керісінше, екі негізгі мөлшерлемені 10 базистік тармаққа төмендетті: жылдық несие бойынша – 3,55 %-ға дейін және бес жылдық несие бойынша – жылдық 4,2 %-ға дейін. Ел билігі экономиканың өсуін ынталандыру үшін ақша-несие саясатын жеңілдетуге шешім қабылдады.



Өткен аптада KASE ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеме дәлізінің төменгі шекарасына жақын жерде жылдық 15,77–15,96 % тар аралықта болды. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі бір апта ішінде 0,5 пайыздық тармаққа жылдық 14 %-дан 14,5 %-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М MM Index Базалық мөлшерлеме Репо-1д Своп-1Д




ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←)
 Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←) Айлық кірістілігі (→)
 Апталық кірістілігі (→) Үш айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→)
 Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі

23.06.2023 (KZT Yield) 30.12.2022 31.12.2021





Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 23 маусымда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,9%-ға (450,99 теңгеден) нығайып, 1 АҚШ доллары үшін 447,05 теңгені құрады.


2023 жылғы 16-23 маусым аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. 21 маусым күні Өкілдер палатасында сөйлеген сөзінде АҚШ ФРЖ төрағасы Джером Пауэлл АҚШ-та инфляцияны ұстап қалу мақсатында алдағы айларда пайыздық мөлшерлемелер қайта көтеріле бастауы мүмкін екенін айтты. Орнықты инфляциялық процесс аясында орталық банктер пайыздық мөлшерлемелерді көтеруді жалғастыруда: Англия Банкі мөлшерлемені 5%-ға дейін 50 базистік тармаққа, Норвегия Орталық банкі 3,75%-ға дейін 50 базистік тармаққа, Швейцария Орталық банкі мөлшерлемені 1,75%-ға дейін 25 базистік тармаққа көтерді.

Жоғарыда аталған факторлар негізінен дамушы нарықтарда валюталардың теріс динамикасын көрсетті. Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- Бразилия реалы шетелдік капиталдың әкелінуі аясында 0,8%-ға (4,82-ден 4,78-ге дейін) нығайды. Орталық банк базалық мөлшерлемені 13,75% деңгейінде сақтап қалды;
- үнді рупиясы жаһандық тәуекел сентиментінің нашарлауы аясында 0,1%-ға (81,93-тен 82,04-ке дейін) әлсіреді;
- Индонезия рупиясы 0,4%-ға (14940-тан 14999-ға дейін) әлсіреді. Орталық банк негізгі мөлшерлемені 5,75% деңгейінде өзгеріссіз қалдырды;
- Мексика песосы АҚШ ФРЖ Төрағасының «мөлшерлемені арттыру» мәлімдемесі аясында 0,5%-ға (17,09-дан 17,17-ге дейін) әлсіреді. Орталық банк базалық мөлшерлемені 11,25% деңгейінде сақтап қалды;
- Ресей рублі мұнай бағасын белгілеудің және геосаяси тәуекелдердің төмендеуі аясында 0,7%-ға (84,14-тен 84,7-ге дейін) әлсіреді;
- Оңтүстік Африка ранды жаһандық инвесторлар тарапынан тәуекелге тәбеттің төмендеуі аясында 3,1%-ға (18,19-дан 18,75-ке дейін) әлсіреді;
- түрік лирасы негізгі мөлшерлеменің 2021 жылдан бері алғаш рет 15%-ға дейін көтерілуіне қарамастан 6,8%-ға (23,63-тен 25,24-ке дейін) әлсіреді.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	568,56	-1,44	4,64	2,85
— USDKZT	447,05	-0,87	1,33	-3,25
— EURKZT	485,50	-1,66	3,41	-0,10
— CNYKZT	62,28	-1,81	-0,40	-6,55
— RUBKZT	5,32	-1,48	-2,72	-16,64

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Шикізат нарығы

23.06.2023

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к	Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж
S&P 500	4 348,33	-1,4	5,7	14,6	-1,5	Мұнай (Brent)	73,85	-3,6	-5,8	-32,9
Dow Jones	33 727,43	-1,7	2,8	9,9	-1,8	Мұнай (WTI)	69,16	-3,7	-7,0	-33,7
PTC	1 039,99	-0,7	-0,4	-26,6	-0,2	Табиғи газ	2,73	3,7	13,8	-56,3
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-0,2	Мыс	380,35	-2,2	7,0	1,7
Hang Seng	18 889,97	-5,7	-1,2	-11,2	-6,2	Темір	867,00	-0,7	11,6	3,8
SS CSI 300	3 864,03	-2,5	0,1	-11,0	-2,3	Алтын	1 921,20	-1,9	-1,8	5,4
Euro Stoxx 50	4 271,61	-2,8	0,2	24,3	-3,1	Күміс	22,35	-7,3	-3,3	6,2
FTSEuroFirst	4 921,00	-1,1	2,3	18,4	-2,6	Астық	733,25	6,6	20,9	-21,8
FTSE 100	7 461,87	-2,4	-2,2	6,3	-2,4					
KASE	3 545,88	0,2	-1,0	34,1						

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта Болжам Алдыңғы

27.06	<u>Ұзақ пайдаланылатын тауарларға базалық тапсырыстар (a/a) (мамыр)</u>	USD	-0,1%	-0,2%
28.06	<u>ФРЖ басшысы Пауэлл мырзаның 28 және 29 маусымдағы сөзі</u>	USD		
29.06	<u>Германияның тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (a/a) (маусым)</u>	EUR	0,2%	-0,1%
29.06	<u>ЖІӨ (тоқ/тоқ) (1 тоқ)</u>	USD	1,4%	2,6%
30.06	<u>Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (маусым)</u>	CNY	49,0	48,8
30.06	<u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (маусым)</u>	EUR	5,6%	6,1%
30.06	<u>Жеке тұтыну шығыстарының базалық баға индексі (a/a) (мамыр)</u>	USD	0,4%	0,4%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні Күні Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	15,9%	01.06.23	16,8%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	35,5	01.06.23	37,6
Ақша базасы, млрд KZT	9 654,0	01.06.23	9 854,4
Ақша масса, млрд KZT	33 980,6	01.06.23	33 644,4

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг Күні Алдыңғы

	BBB-/A-3 әлсіз	03.03.23	BBB-/A-3 негативті
	Вaa2/әлсіз	11.08.21	Вaa3/позитивті
	BBB/әлсіз	26.05.23	BBB/әлсіз



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.